

Мәслихаттың 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 224 "Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 249 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 наурызда № 8315 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың "Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 224 шешіміне (2019 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8222 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 172 413,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 54 362,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 118 051,0 мың теңге;

2) шығындар – 174 761,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 348,3 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2348,3 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың
2019 жылғы "28" наурыздағы
№ 249 шешіміне
қосымша

Мәслихаттың
2018 жылғы "28" желтоқсандағы
№ 224 шешіміне
1-қосымша

Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы			
			Атауы		
1	2	3	4		5
I			Кірістер		172413,0
1			Салықтық түсімдер		54362,0
	01		Табыс салығы		28193,0
		2	Жеке табыс салығы		28193,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		26169,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		380,0
		3	Жер салығы		930,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		24859,0
4			Трансферттердің түсімдері		118051,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		118051,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		118 051,0
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
II				Шығындар	174761,3
				Жалпы сипаттағы	

01				мемлекеттік қызметтер	28325,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	28325,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	28325,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24325,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4000,0
04				Білім беру	113754,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	113754,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	113754,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	95487,0

			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	18267,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	27182,3
	3			Елді-мекендерді көркейту	27182,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	27182,3
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	6802,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2317,3
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	350,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	17713,0
12				Көлік және коммуникация	5500,0
	1			Автомобиль көлігі	5500,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5500,0
				Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда,	

			013	кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5500,0
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Атауы		
1	2	3	4	5	
VI			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)		2348,3
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		2348,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары		2348,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		2348,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК